

ОӘЖ 334.723

**Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың маңыздылығы**

**Тілеубек Ернұр  
Сабыров Бағдат  
*ernur9888@mail.ru***

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Менеджмент» мамандығының 3 курс студенттері,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан.  
Ғылыми жетекші – Б.Т. Онаева

Кәсіпкерліктің дамуы – мемлекет экономикасының одан әрі дамуының бірден бір көзі екендігі айдан анық. Жалпы экономиканың қарқынды дамуының бір құралы ретінде кәсіпкерлікті алсақ, кәсіпкерліктің дамуын «бәсекелестік» ұғымының елестету мүмкін емес, яғни, нарықтық экономиканың басты қағидаты – кәсіпкерлердің еркін бәсекелестігі. Ал бәсекелестік дегеніміз – бұл кәсіпкерлер арасындағы күрес немесе кәсіпорындар арасындағы өнім өндіру және өнімді тиімді өткізу жолындағы күресі.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту кез-келген ел экономикасының негізі. Дамыған елдердің тәжірибелері көрсетіп отырғандай, шағын және орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту экономиканы нығайту үшін қолайлы алғышарттар жасайды:

- салалық және өңірлік монополизм жойылады
- рынке тауарлар мен қызметтер көбейеді
- жаңа жұмыс орындары ашылады

- ғылыми-техникалық прогрессін жетістіктері өмірге енгізіледі
- қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптасады.

Нәтижесінде шағын және орта кәсіпкерлік нарық экономикасының қажетті элементіне айналады. Қазіргі таңда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Ел басшылығы ол істі табысты жүзеге асырудың мемлекеттің одан әрі экономикалық және саяси дамуын айқындайтынын жақсы түсінеді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсан айындағы «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өтілгендей шағын және орта бизнеске қолдау көрсетудің жүйелі іс-қимылдары баяндала отырып, кәсіпкерлік ортаны одан әрі нығайтуға айрықша көңіл бөлінген. Шағын және орта бизнестің дамуының бірден-бір шешу жолы болып оларды қаржылық ресурстармен, яғни, несиемен қамтамасыз ету болып табылса, оларды несиелейтін екінші деңгейдегі коммерциялық банктердің жағдайына да тоқталған дұрыс. Бұғынгі күні отандық банктеріміздің барлық капиталының мөлшері әлемдегі ірі банктердің капиталынан жүз есе кем екендігін ескеретін болсақ, онда банктерге ең алғашқы кезекте өздерінің ресурстарын нығайту қажеттілігі туып отыр. Әрине, қазіргі уақытта қатаң нарықтық экономика аясында өзін-өзі сактандыру, өзін-өзі көрсете білу, бәсекелестікке төтеп беру үшін банктер тарапынан біраз жұмыстар жасалуы қажет. Ал коммерциялық банктер экономиканың нақты секторын несиелеуі ұлттық экономиканың өсуіне қосқан үлесі болмақ. Олардың дамуы мемлекеттің, экономика агенттіктерінің шаруашылық өмірі үшін әрі тиімді де пайдалы.

«Шағын кәсіпкерлік» туралы КР Заңына сәйкес, жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау – жеке кәсіпкерлікті ынталандыру, Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік бастаманы жүзеге асыру үшін құқықтық, әлеуметтік және экономикалық жағдайлар жасау бойынша мемлекеттік шарапалар кешені, ал жеке кәсіпкерлік инфракұрылымы – шағын кәсіпкерлік қызмет етудің және дамуының жалпы жағдайларын қамтамасыз ететін ұйымдар кешені [1].

Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары:

- 1) шағын кәсіпкерлікті реттеу жөніндегі заңдарды жетілдіру;
- 2) жеке кәсіпкерлікті құру мен дамыту орталықтарын, кәсіпкерлік инкубаторлар, технологиялық парктер, индустріалдық аймақтар және шағын кәсіпкерлік инфракұрылымының басқа да обьектілерін құру;
- 3) бюджеттік қаражаттар есебінен шағын кәсіпкерлік субъектілерін оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету.
- 4) шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мемлекеттік органдар қарамағында шағын кәсіпкерлікті дамыту бойынша мәселелерді зерттеу және шағын ұсыныстарды әзірлеу бойынша ғылыми-зерттеу институттарын құру жолдармен жүргізілетінін анықтайды;
- 5) шағын кәсіпкерлікті қолдаудың және дамытудың қаржылық институттарын құру;
- 6) кәсіпкерлік-инкубатор және индустріялық аймақтардың қызметін ұйымдастыру;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жер учаскелерін, құрылыштарды сату [2].

Казіргі уақытта Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін ғана қамтып қоймай, басқару аппараты қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттыруды көздейтін әкімшілік реформа жүргізілуде, ол мемлекетке тән емес функциялар мен активтерді бәсекелестік ортаға тапсыру жолымен кәсіпкерлік қызметтің әкімшілік тосқауылдарына кедергі болу мақсатын жүзеге асырады. Осы тұжырымдамалық ережелер «Қазақстан-2030» стратегиясында, кейіннен әкімшілік тосқауылдарға жалпы, сонымен қатар нақты бағдар беретін, сондай-ақ оларды женүдің мүмкін болар жолдарын айқындаған Қазақстан Республикасы Президентінің жыл сайынғы жол-дауларында көрініс тапты.

Сонымен, қазіргі жағдайда кәсіпкерлік қызметке әкімшілік жүктемені төмендетуді мемлекет үш бағытта жүзеге асырады: бірінші бағыт жеке кәсіпкерлік субъектісін (заңды тұлға құрмай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға немесе заңды тұлға, тәртіп

бойын- ша ЖШС, ШК және т.б.) – тіркеу, лицензиялау, аккредитациялау. Екіншісі – кәсіпорынның өнім нарығына қол жетімділікті ұйымдастыруға бай- ланысты (сай келуін дәлелдеу, сертификаттау). Ушінші бағыт – жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне және нарықтағы өнім айналымын бақылау жасау [3].

Кейінгі онжылдықтарда экономикалы дамыған Батыс елдеріндегі бәсекенін дамуы әсерінен шағын және орта бизнес рөлі арта түсті. Мұның басты себебі-экономикалық сектордың кәсіпорындарына тән артықшылықтар.

Тұрақты экономикалық жүйеде шағын кәсіпкерлік: динамикалық түрде дамуы мүмкін, тұтынушылардың сұранысының өзгеруіне тез бейімделе алады, бәсекелес нарықтық қатынастарға ықпал етеді, экономикалық құрылымдық қайта құрылуына әсер етеді, жаңа жұмыс орындарын ашады, жаңа кәсіпкерлік топ пен меншік иелерінің құрылуына жағдай жасайды, елдің жалпы ұлттық өнімінде үлкен үлеске ие бола алады, мемлекеттік бюджетке үлкен қаржы сомаларын береді.

Дамығын елдерде шағын кәсіпорындар мынадай салаларда басым рөл атқарады: сауда, автосервис құрылышы, қызмет көрсету салалары. Қазір шағын кәсіпорында жоғары технологиялық сфераларға: машина құрылышы, энергетика, электротехника, химиялық өнеркәсіп, транспорттық қызымет, информатика, микроэлектроника, телекомуникация слалаларына әр тараптандырылып жатыр. АҚШ шағын бизнес басқармасының классификациясы бойынша шағын бизнес субъектілеріне: жұмыскерлер саны 500-ге дейін болатын өндірістік және сауда кәсіпорындары, ал басқа салалар үшін – жылдық табысы 2 миллион долларға дейін болатын кәсіпорындар жатады. АҚШ-та тіркелген кәсіпорындардың 97%-ына жуығы шағын кәсіпорындар. Бұл шағын кәсіпорындар жалпы ұлттық өнімнің 53%-ына, бөлшек сауданың 72%-ына, қызмет саласының 57%-ына ие болып тұр.

Экономикалық өсу және құлдырау кезінде, жаңа жұмыс орындарын ашу мен қысқарту кезінде шағын кәсіпорынжұмыссыздық проблемасын бәсендедеді. АҚШ-тың шағын бизнес даму мысалы көрсеткендегі, шағын бизнес сыртқы ортандың өзгеруне тез бейімделеді. АҚШ Сауда министрлігінің мәліметтері бойынша шағын кәсіпкерліктің инновациялық сипаты елдің экономикалық өсуіне 20-25%-ға дейін үлес қосады.

АҚШ-та шағын бизнес қоғамда кәсіпкерлік, бәсекелестік атмосферасын дамытуға үлкен үлес қосады. Мемлекет тарапынан болатын шектеулер кәсіпкерлікке кедерігі келтіреді. Соңдықтан да АҚШ конгресі шағын бизнеске тікелей бақылау жасайды. Конгресс шағын бизнесі қолдау және дамыту мақсатында бірнеше программа жасалады. АҚШ шағын бизнесі қолдаудың мемлекеттік жүйесі:

- 1.Бюджеттен тікелей дотациялау;
- 2.Мемлекеттік тапсырыстардың бір үлесін шағын кәсіп орындарда орналастыру;
- 3.Шағын бизнеске несие беру кезінде мемлекеттік кепілді қолдану;
4. Шағын бизнеске салықтық жеңілдіктер беру [4].

Корытындылай келе, кәсіпкерліктің құрылымдық жағдайларын дамыту бойынша ұлттық басымдықтар өнірлерде және жергілікті билік деңгейінде бірдей жүзеге асырылмайды. Ирі кәсіпорындар экономиканың көп салаларында басымдық орынға ие болып, шағын және орта бизнесінде бәсекелестік қабілеттің төмендетіп отыр. Жемқорлық мәселесімен қоса, заң және коммерциялық инфрақұрылымның шағын және орта бизнеске қолжетімділік мәселесі толығымен шешілмеген. Әлеуетті кәсіпкерлер тәуекелге барудан бас тартып, кәсіпкерлік салада білім алуды қажет етеді.

Сонымен қатар өз ұсыныстарымды айта кетсем, Біріншіден, мемлекетте кешенді кәсіпкерлік білім беру жүйесін дамыту қажет. Екіншіден, заманауи технологияларды университеттерден және зерттеу орталықтарынан кіші және орта бизнеске жеткізуіді женилдету керек. Ушіншіден, кіші және орта кәсіпорындарды ірі кәсіпорындардың монополиясынан қорғап, олардың бәсекеге деген қабілеттілігін арттыру қажет. Төртіншіден, нарық қатысушыларына бірдей жағдай жасау үшін жемқорлықпен құресті жалғастыру керек. Бесіншіден, дамыған мемлекеттерде кең еріс алған қаржыландыру

тетіктерін енгізу арқылы шағын және орта бизнесті каржыландырудың мүмкіндіктерін көңейту қажет.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жеке кәсіпкерлік туралы 2006 ж. 31 қаңтарындағы №124-III Қазақстан Республикасының Заңы (2008.05.07. берілген өзгерістер мен толықтырулар).
2. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы 1997 ж. 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы.
3. Манабаева И. Шағын және орта бизнестің экономикадағы маңыздылығы мен артықшылықтары және кемшіліктері: Экономика негіздері.– 2009. – №5. – 8-13 б
4. [https://bestreferat.kz/extra\\_rkd/show/92](https://bestreferat.kz/extra_rkd/show/92)